«БОЛАШАҚҚА ҚОЗҒАЛЫС» ЖЕКЕ ҚОРЫ
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Сауран көшесі, 14-үй, 8-пәтер
тел.: +7 (777) 586 3909

ЧАСТНЫЙ ФОНД «ДВИЖЕНИЕ В БУДУЩЕЕ»
010000, Республика Казахстан, город Астана,
район Есиль, улица Саурана, дом 14, квартира 8
тел.: +7 (777) 586 3909

№001
2026 ж. «06» ақпан

«Осакаров ауданының ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесіне

«Болашаққа қозғалыс» жеке қоры 81216498-ГСЗ1 әлеуметтік жобасының шешімімен келіспейтінін хабарлайды.

Өтінімді бағалау барысында төмендегідей өрескел қателіктер орын алған:

1. «PARASAT» ЖҚ

- Қорытынды хаттамада Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі бөлігінде **2 балл** берілген. Бұл қате. Порталда «PARASAT» ЖҚ-ның басшысы ретінде Сатиева Алия Бикеновна көрсетілген.

Басшы

ЖСН	870128402861
ТСН	090520748047
Т.А.Ә.	САТИЕВА АЛИЯ БИКЕНОВНА

Алайда, «PARASAT» ЖҚ ұсынған құрылтай құжаттарында ұйымның басшысы Сатиева Алия Бикеновна туралы ешқандай ақпарат жоқ. Сәйкесінше, бұл басшылық қызметте өзге адамның дерегі көрсетілген.

ПРИКАЗ № 1

О назначении председателя частного фонда
«PARASAT»

г. Караганда **«20» февраля 2023 г.**

На основании решения №1 от 24.01.2023 единственного учредителя частного фонда «PARASAT»

ПРИКАЗЫВАЮ:
Назначить на должность председателя **частного фонда «PARASAT» Аукенова Нуртая Алпысовича с 20.02.2023 г. сроком на пять лет.**

Сонымен қатар, «PARASAT» ЖҚ өтінімге Құрылтай шартын ұсынбаған.

Конкурстық құжаттама талаптарына және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, әлеуетті жеткізуші өзінің құқықтық мәртебесін және заңды тұлға атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құрылтай құжаттарының толық топтамасын ұсынуға міндетті.

Егер ұйымдық-құқықтық нысан жеке қор ретінде ұсынылса, мұндай құжаттарға ұйымның жарғысы мен құрылтай шарты, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (құқық қабілеттілігін) растайтын құжаттар жатады.

«PARASAT» ЖҚ өтінімінде құрылтай шарты ұсынылмаған, бұл аталған құжаттың қоса берілген материалдар тізбесінде болмауымен расталады.

«PARASAT» ЖҚ конкурстық өтінімі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаның 3-тарауы 18-тармағының талаптарына сәйкес келмейді, өйткені өтінім құрамында құрылтай құжаты жоқ.

Аталған жағдай өтінімді біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тануға және оны қарау кезеңінде кері қайтаруға негіз болуы тиіс еді. Бұл жерде **0 балл** берілуі және әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

Жоғарыдағы кемшіліктерге байланысты конкурстың бағалауын әділ өткізулеріңізді талап етеміз. Шешім қанағаттандырмаған жағдайда, сотқа шағымданатынымызды ескертеміз!

«Болашаққа қозғалыс»
жеке қорының директоры (ЭЦҚ арқылы қол қойылды) Д. Бекмұрат

☎ *+7 (777) 586 3909*